

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫ МІНДЕТТІҢ МЕРЕЙІ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ ӘДІЛБЕК МҰҚАШЕВ КЕЛІП, АУДАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСЫП, «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ТҮРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҚАБЫЛДАДЫ. САПАРЫНЫҢ СОҢЫНДА АУДАН АКТИВІМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АЛДЫМЕН АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ КӨРСЕТІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЖАН-ЖАҚТЫ МӘЛІМЕТ БЕРДІ.

персоналды басқарудың ықпалдас-тырылған ақпараттық жүйесінде жұмыстар тиісті деңгейде жүргізіліп жатыр. «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы күнделікті кадрлық іс-құжаттары автоматты-онлайн арқылы уақтылы енгізілуде.

«Е-қызмет» жүйесінде жұмыс істеу персоналды басқару қызметінің



Яғни, бүгінгі күні Ойыл ауданы бойынша жалпы штат бойынша 115 орын болғанымен, 104 өкімшілік мемлекеттік қызметші бар. Демек, 11 орын бос тұр. Ал, аудандағы 104 өкімшілік қызметшінің 42-і әйел немесе 40,4% құрап отыр. Ал, барлық өкімшілік қызметшілердің орташа

конкурс, 11 жалпы конкурс өткізілді. Нәтижесінде 7 мемлекеттік қызметші конкурстық комиссиясының қорытындысы бойынша меритократия қағидасы бойынша жоғары лауазымға ұсынылды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша 88 мемлекеттік қызметшінің жұмысына бағалау жүргізі-

жұмысының өнімділігін арттыру мақсатында жеке деректер, ұйымдас-тыру бойынша мәліметтер (кадрлық есепке алу), кәсіби және жеке бас күзреті жайлы мәліметтер, білімі, біліктілігі, кәсіби тәжірибесі, марап-тау және төртіптік жаза туралы мәліметтері жүйелі түрде енгізілуде.

Аудан орталығындағы мемлекеттік мекемелер «Е-қызмет» жүйесімен жұмыс жасауда, яғни өз жұмыс орындарында құжаттарды тіркеп отыр. Алайда ауданның 7 ауылдық округінің тек 2-уі ғана «Е-қызмет» жүйесін пайдалануда, олар «Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты», «Саралжын ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері. Ал қалған Көптоғай, Қайыңды, Қараой, Сарбие, Ш.Берсиев ауылдық округтері ғаламтор байланысы көтермегендіктен қол жеткізе алмай отыр.

Ал, кездесу барысында баяндама жасаған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Ақтөбе облысындағы Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі Мейрамкүл Бибітова аудандағы көрсетілген мемлекеттік



жасы-39 жас болса, олардың 30-ы өлі 30-ға толмаған жастар.

Аудандағы мемлекеттік қызметші-лердің 91 (87,5%) жоғары білімді, 13 (12,5%) арнаулы орта білімді, орташа қызмет өтілі 10,2 жыл, атқарып отыр-ған лауазымындағы орташа өтілі 3 жылды құрайды.

2019 жылы таза ауысымдылық бойынша 2 қызметші өз өтініші негізінде басқа жұмысқа ауысуына бай-ланысты қызметінен босатылса, былтырғы жылдың 10 айында өз өті-ніші бойынша 4 мемлекеттік қызметші лауазымдарынан кеткен болатын.

2019 жылы 7 қызметші қайта даяр-лау курсына жоспарланып, барлығы да қайта даярлау курсынан өтіп келді. 28 қызметші біліктілігін арттыру курсына жоспарланып, оның 25-і біліктілігін арттыру курстарымен қамтылыпты.

2019 жылдың қаңтар айынан бүгінгі күнге дейін 26 конкурс өткізілді. Оның ішінде мемлекеттік органның мемле-кеттік қызметшілері арасында ішкі конкурс бойынша 13 конкурс, барлық мемлекеттік орган қызметшілері арасында ішкі конкурс бойынша 2

ліп, комиссияның шешіміне сәйкес 16 адам – жақсы, 67 адам – тиімді, 5 адам – қанағаттанарлық нәтиже алды.

2019 жылдың қаңтар айынан бүгінгі



күнге дейін Ойыл ауданы бойынша 31 мемлекеттік қызметшіге 27 ескерту, 1 сөгіс, 2-іне қызметіне толық сәйкес еместігі туралы шаралар қолданыл-ды.

Ойыл ауданы бойынша «Е-қызмет»

қызметтерге сараптама жасап, жетістіктер мен кемшіліктерді атап өтті. Сонымен қатар, қағазбасты-лықтан арылуға ұмтылу керектігін баса айтып, төртіптік жазаны қол-дану төртібін түсіндірді.

БЕКЗАТТЫҢ БЕЛЕСІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕСІ

АУДАН ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ «ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ» АТАНҒАН ҰЛАН МҰҚАШЕВТЫҢ ЖЕТІСТІГІ ТӨБЕІЗДІ КӨККЕ ЖЕТКІЗГЕНДЕЙ ҚУАНТҚАНЫ КӨПКЕ МӘЛІМ. МІНЕ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНАН ШАЛҒАЙ ЖАТҚАН АТ ТӨБЕЛІНДЕЙ АУДАННАН ТАҒЫ ДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ШЫҒАРЫНА ЕШКІМ СЕНЕ ҚОЙМАДЫ. АЛАЙДА ШЫНТУАЙТЫНА КЕЛГЕНДЕ СПОРТ ШЫНЫҚТЫРЫП ҒАНА ҚОЙМАЙ ТАЛАЙ-ТАЛАЙ ШЫҢ БАСЫНА ШЫҒАРАТЫНЫ БІЗ ҮШІН ТАҒЫ БІР МӨРТЕ АЙҚЫНДАЛДЫ. НАҚТЫРАҚ АЙТСАҚ, 48 КИЛОГРАММ САЛМАҚ ДӨРЕЖЕСІНДЕ БЕКЗАТ МҰХАМБЕТОВ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН САМБОДАН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕСІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.



Бұған дейін де облыстық, респу-бликалық жарыстарда топ жарып, жеңімпаз атанып жүрген палуан болашағынан көп үміт күттірді. Оған өзімізде талай мөрте куә болдық. Газетіміздің кезекті сандарында жарқ етіп шығып жүрген Бекзаттың бай-рақты бөсекелерде бабында күресіп, ауданның ғана емес, облыстың да абыройын асқақтатып жүргені жал-ған емес. Бекзат Мұхамбетовты күрес өнеріне марқұм атасы Мұхам-бет алып келген. Ата-анасының айтуынша, алғашында бала палуан-ның қолын сындыру сынды қиындық-тары көп болған. Алайда атасының айқан қарулы сөздері оған күш-жігер берген. Нәтижесінде атадан бата алған бала палуанның байрақты бөсекелерде талай рет бағы жанды. Міне бүгінгі жетістігі де соның айғақты көрінісі. Ал, палуанның жаттықтыру-шысы Тимур Қалинзязовтың сөзінше өлем чемпионатында өнер көрсету оңайға соқпаған. Өйткені, Бекзаттың алғашқы кездесуі жергілікті Өзбек палуанымен болса, екінші кездесуінде Грузин палуанымен кездесіп сөтті аяқтаған. Алайда жартылай финал-дық бөсекеде көп қиындықтар туын-даған. Өйткені салмақ қуған палуан біраз күш жоғалтып алған. Алайда бапкері Тимур Қалинзязов оған бүкіл қазақ елінің намысын қорғайтын сәт туғанын түсіндіріп, жүрекпен күресу-ге кеңес берген. Міне осындай намысты қайраған жанды сөздер оның күш қуатын арттырып, Тәжік палуанын жеңуіне зор септігін тигіз-ген. Өйтсе де бір өтпеген-айы алтына таласу кезінде Ресей палуанына есе жіберіп алды. Дегенменде өлемдік додада дара шыққан Бекзаттың белесі болашағынан үлкен үміт



күттіреді.

Осы орайда өткен аптада аудан жұртшылығы Қазақстан Республи-касының «Самбо», «Дзюдо», «Қазақ күресінен» спорт шебері Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласында өткен Самбодан жастар арасындағы өлем чемпионатының күміс жүлдесі, жерлесіміз Бекзат Мұхамбетов-ты қарсы алды. Небары 18 жасында Әлем чемпионатының күміс жүлдесін жеңіп алған Бекзат Жұмабергөндің алдымен ауданның кіре берісінен күтіп алды. Одан кейін, Ойыл балалар және жасөспірімдер спорт мектебін-де айрықша құрмет көрсетті. Аудан тарихында алғаш рет өлем чемпионы атанған Ұлан Мұқашевтың ізін жал-

ғап, жастар жылында ауданның абыройын асқақтатқан Бекзаттың белесі барша жұртшылықты қуантты. Ойыл балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде өлем чемпионаты-ның күміс жүлдегерімен кездесу барысына чемпионға ыстық ықылас-пен қошеметпен құрмет көрсетіліп, жерлес спорт жанашырлары және аудан өкімі атынан қаржылай серти-фикаттарын табысталады. Одан кейін өзі білім нәрімен сусындаған тоқсан жылға таяу тарихы бар білім ошағы, яғни Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі ұжымы айрықша қарсы алып, кездесу кешін өткізді. Онда аталған палуан мен оның алғашқы бапкері, өлем чемиона-

тында жанынан табылған жаттық-тырушысы Тимур Қалинзязовпен сыр сұхбат өткізілді. Мектеп директоры Маржан Жонисова айтулы білім ошағынан түлеп ұшқан спорт сала-сында бірі ұстаз, бірі шәкірт атанған түлектерге ыстық лебізін білдіріп, естелік сыйлықтарын тарту етті. Алдағы уақытта алтына қол жеткі-зіп, республиканың абыройын асқақ-татуға сәттілік тіледі. Айтулы кез-десу кешіне палуанның ата-анасы да арнайы шақыртылып, оларға да айрықша алғыс айтылды. Кеш кезінде көңілді кернеген қуаныш пен жүрек толқынысының жасы тамды.

Мұса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ТАСҚОПАДАН ТАБЫЛҒАН «АЛТЫН АДАМ» ОЙЫЛҒА ҚАТЫСЫ БАР МА?

«ЖУЫРДА АРХЕОЛОГТАРДАН АҚЖОЛТАЙ ХАБАР КЕЛДІ. ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ТАСҚОПА ЕЛДІ-МЕКЕНІНІҢ МАҢЫНАН Б.З.Д. V ҒАСЫРДА АЛТЫН КИММЕН ЖЕРЛЕНГЕН САРМАТ КӨСЕМІНІҢ ҚОРҒАНЫ ТАБЫЛДЫ. КЕЗЕКТІ «АЛТЫН КИМДІ КӨНЕ ЕСКЕРТКІШ» - АҚТӨБЕ ӨНІРІНІҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮТІН ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТАРИХЫНДА ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАТЫН ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҚ. КЕШЕГІ ЕСІК ҚАЛАСЫНАН, ШЫҒЫС ПЕН АТЫРАУДАН ТАБЫЛҒАН КӨНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ЖАЛҒАСЫ БҮГІН АҚТӨБЕ ЖЕРІНЕН ДЕ КӨРІНІС БЕРДІ. БҮЛ ДЕГЕНІМІЗ СОЛ ЗАМАНДА ҚАЗАҚ ЖЕРІН МЕКЕНДЕГЕН БАБАЛАРЫМЫЗ ӨРКЕНИЕТТІҢ ЖОҒАРЫ САТЫСЫНДА ӨМІР СҮРГЕНДІГІН КӨРСЕТЕДІ».



Темір ауданының Тасқопа ауылы бұрын қала болған. Қала орнын зерттеуге облыс өкімі Оңдасын Оразалин қолдау білдіріп, Ә.Марғұлан атындағы археологиялық институт-тың басқаруымен екі ай бойы қазба жұмыстары жүргізілді. «Қазба жұ-мыстары тамыз айында басталды. Барлығы 15 қорған анықталып, биыл 4 қорған зерттеліп жатыр. Біреуінен «Алтын адам» табылды. Нақты ай-тқанда белдігі, дулығасы, түрлі бұйым-дар алтындалатын. Қазір зерттеу жүргізіліп жатыр. Тарихқа сүйенсек, бұл жерде сарматтардың ескерткіші бар. Табылған қорым біздің заманы-мызға бейінгі V ғасырға жатады. Мұндай жерлеу тек тайпа көсеміне тән», - деді Темір ауданының өкімі

Жолдас Қалмағамбетов. Табылған алтын бұйымдар Алматыға зерт-теуге жіберіледі. «Тасқопа қорымы ауылдан 2 шақырым жерде орналас-қан. Біз алдағы уақытта бұл жерден де құнды жәдігер табылады деп үміттенеміз», - деді Ж.Қалмағам-бетов. Айта кетейік, Тасқопадағы қорым алдағы үш жылда зерттеледі. Негізгі қорым бұрын тоналып кеткен. Бұл жолы алтын бұйымдармен жер-ленген адам 5 метр 70 см тереңдіктен табылып тұр. Алтын адам қорымның тоналғанына қарамастан сенсация-лық жаңалық болды - дейді, археолог, Ә.Марғұлан атындағы археологиялық институттың Ақтөбедегі өкілі Арман Бисембаев. Яғни, ғалым алтын бұйымдарымен жерленген адамның

табылуын сенсациялық жаңалыққа балап отыр.

Өңір басшысы Оңдасын Оразалин «Бұл қойнауы құпты, тарихы тереңде жатқан Ақтөбе өңірінен табылған құндылықтардың баста-масы ғана деп білемін. Мұндай тарихи жәдігерлер өлі де көптеп табылып, Дүние жүзінің алдында Қазақ елінің мәртебесін көтереді», - деп сенім білдірді.

Өңірдің дәл осындай жаңалығы өлеуметтік желі арқылы тарағаннан бері бізде бір қуанып қалдық. Қолға қалам алып, ой толғауды мақұл-дадық. Өйткені «Алтын адамның» табылған жері бір кездері біздің ауданға қарағаны тарихтан мәлім. Нақтырақ айтсақ, «Тасқопа» елді мекені 1972 жылы Темір ауданына құрамына кірді. Демек, көршілес жатқан қос ауданның түйір құмына дейін сан ғасырлық тарихтан сыр шертіп тұр. Өріне «Алтын адамға» деген, талас та, тартыс та болмай-ды. Айтқымыз келгені V ғасырда өмір сүрген сарматтардың тағы бір қор-ғаны киелі Мәккә құмынан да табы-лып қалмас па екен деген ой еді.



Газетке жазылу - 2019

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы
2020 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2377,25
66525	Занды тұлғаларға	4057,25
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	1897,25

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«31» қазан 2019 жыл № 42 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс қырық бірінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 18 бабының 4 тармағы 1) тармақшасына және аудан өкімінің 2019 жылғы 22 қазандағы №01-01-01/1859 ұсынысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс қырық бірінші сессиясы 2019 жылдың 31 қазаны күні сағат 11.00-де аудан өкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

- Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №239 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы
- Хабарламашы:* Е.М. Сембин - аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы
- Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: А.К.Мамбетова

Саїлау

Аудандық мәслихаттың хабарламасы

Аудандық мәслихат Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес өртүрлі себептермен учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан шығып қалған комиссия мүшелерінің орнына кандидатураларды ұсыну басталғанын хабарлайды.

Өрбір саяси партия және өзге де қоғамдық бірлестіктер олардың құрылымдық бөлімшелері, бос орындар бар сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия, осы партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Ұсыныс жасаған кезде төмендегідей құжаттар жіберіледі:

- саяси партияның және өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелерінің кандидаты тиісті сайлау комиссиясына ұсыну туралы хаттамасының көшірмесі;
- саяси партияны және өзге де қоғамдық бірлестікті, олардың құрылымдық бөлімшелерін әділет органдарында тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
- кандидаттың мәслихат хатшысының атына жазылған сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісетіні туралы өтініші.

Ұсыныстарды тапсырудың мерзімі бір ай: 2019 жылдың 29 қазаннан бастап 17 қарашаға дейін.

Құжаттар мына мекен-жай бойынша қабылданады:

Ойыл аудандық мәслихаты

Ойыл селосы

Құрманғазин көшесі, 43

Байланыстелефондары: 2-10-98, 2-13-70

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:		
2. Учаскелік сайлау комиссиялары		
№ 389 сайлау учаскесі		1
№ 390 сайлау учаскесі		1
№ 400 сайлау учаскесі		1
№ 402 сайлау учаскесі		1
№ 404 сайлау учаскесі		1
№ 406 сайлау учаскесі		1
№ 407 сайлау учаскесі		2
№ 411 сайлау учаскесі		2
№ 413 сайлау учаскесі		2

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА !!!

Ойыл ауданы өкімдігі 2019 жылы 13 қараша сағат 15:00

Ойыл ауданы, Құрманғазин №43, Ойыл ауданы өкімдігінің кіші мәжіліс залы мекен-жайында үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттар) үшін жер учаскелерін жеке меншікке сату бойынша аукцион өткізеді

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ							
Лот №	Нысаналы мақсаты	Мекен жайы (орналасқан жері)	Жер көлемі, (ш.м.)	Иеліктен шығарылатын құқық түрі	Бастапқы құны (теңге)	Кепілдік жарнаның мөлшері (теңге)	Жер салығы (теңге)
							Сауда-саттық тәсілі және жүргізу әдісі
1	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету	Ойыл ауданы, Саралжын а/о, Кемер ауылы, бас жоспары бойынша Ойыл-Саралжын тас жолы бойынан, №5 жер телімі	3800 ш.м.	Жеке меншік құқығы	228 000	126 250	1 824
2	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету	Ойыл ауданы, Ойыл а/о, Ойыл ауылы, бас жоспары бойынша, № 29 жер телімі	2400 ш.м.	Жеке меншік құқығы	714 000	126 250	1 152

Аукционды өткізу күні мен уақыты: 2019 жыл 13 қараша, 15:00-де.

Аукционды өткізу орны: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, №43 (өкімдік ғимараты), 3 қабат (кіші мәжіліс залы)

Аукционды өткізу шарттары: аукционды аукционшы өткізеді. Өрбір сауда-саттық объектісі бойынша аукцион аукционшының өз атауын, қысқаша сипаттамасын, аукционды өткізу әдісін, бастапқы баға мен бағалардың өзгеру қадамын хабарлауынан басталады. Аукцион ағылшындық әдіс бойынша өткізіледі (бастапқы бағасының өсуіне қарай). Аукционшы сауда-саттық процесінде қадамдардың өзгеруі туралы хабарлайды. Бұл ретте, қадам объектінің ағымдағы бағасының бестен он пайызына дейінгі шектерде өзгереді. Аукционшы объектінің бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Сауда-саттыққа қатысушылардың нөмірді көтеруі бастапқы бағаны өсіреді, бірақ ол хабарланған қадамнан кем болмауы керек. Аукционшы объекті бойынша аукционға қатысушылардың аукциондық нөмірлерін хабарлайды, бағаны бекітеді және оны өсіруді ұсынады. Аукционшы объект үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны хабарлайды. Аукционшы объектінің соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген нөмірлер болмаған кезде балға соғу арқылы аталған объектінің сатылғаны туралы хабарлайды. Сауда-саттық жеңімпазы анықталғаннан кейін сатушы сауда-саттық өткізу рәсімдерін, сондай-ақ сатып алу-сату шартын жасау және оның талаптарын орындау жөніндегі тиісті міндеттерді орындамаған жағдайда, сатушы сауда-саттықта осы объект үшін шамасына қарай екінші баға берген қатысушыға (екінші сатып алушы) объектіні сатып алу құқығын береді;

Жер учаскелерінің жеке меншікке сату шарттары және ауыртпалықтар (шектеулер) тізілімі: сатып алушы: аукцион өткізілетін күні оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюға, «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-мен Ойыл ауданы өкімдігінің тиісті шешімі қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жер учаскесінің жалдау құқығын сатып алу-сату шартын жасасуға және ол бойынша міндеттерді орындауға, игерілу шарттары туралы шартты жасасуға, жер учаскесін оның нысаналы мақсатына сай пайдалануға, қажет болған жағдайда, мүдделі тұлғаларға жер учаскесін шектеулі пайдалану құқығын (сервитут) беруге, жалдау төлемін уақытылы өтеуге міндетті.

Сауда-саттықта белгіленген учаскенің аукциондық құны 50% мөлшердегі аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылғаннан кейін банктік 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді, ал қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей енгізілуі қажет.

Ескерту: Кепілдік жарна өрбір сауда-саттық объектісі бойынша бөлек енгізіледі.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін:

Жеке тұлғалар үшін: 1) аукционға қатысуға өтінімді; 2) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын төлем құжатын; 3) өкілеттің өкілеттілігін куәландыратын құжатты;

Заңды тұлғалар үшін: 1) аукционға қатысуға өтінімді; 2) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын төлем құжатын; 3) резидент емес тұлғалар сауда-саттық тізілімінен заңдастырылған үзіндіні немесе шетелдік заңды тұлғалар шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға екендігін куәландыратын, мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасы бар басқа заңдастырылған құжатты береді; 4) өкілеттің өкілеттілігін куәландыратын құжатты ұсыну қажет.

Көшірмелердің дұрыстылығын растау үшін түпнұсқалары салыстыру үшін беріледі.

Аукцион қатысушыларын тіркеу ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады. Аукцион қатысуға өтініштер мына мекенжайда қабылданады: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі 69, 3-қабат, 309 және 311-кабинеттер, анықтама үшін телефон: 8 (71332)2-18-80.

Жаңалықтар пәзі

ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІПТЕРІ ЖЕҢІЛДЕЙДІ



Сенатта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралды. Айта кетейік, аталған заң жобасына депутаттар тобы бастамашы болды. Мәжіліс депутаты Майра Айсинаның сөзіне қарағанда, бүгінде мемлекеттік қызметтер «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілсе, енді «бір өтініш» қағидатын ескеру қарастырылып отыр. Бұл тұрғыда зейнетақы құжаттарын рәсімдеуде өзгерістер енгізу қарастырылуда. «Бүгінгі таңда зейнетақыға байланысты рәсімдік шараларға адамдар тиісті мекемелерге бірнеше рет баруға тиіс еді. Енді тек бір өтінішпен ғана барлық рәсімдер іске асырылады, осы орайда құжаттар пакетін жинау қажеттігі болмайды», - деді депутат Парламент Сенаты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің кеңейтілген отырысында. Майра Айсинаның айтуынша, заң жобасы арқылы құрамына 55 көрсетілетін қызмет біріктірілетін осындай 21

композиттік қызметті енгізу көзделіп отыр. Композит нақты өмірлік жағдай туындаған кезде адамның бір өтініш арқылы бірнеше өзара байланысты қызметтерді алуына мүмкіндік береді. Заң жобасында мемлекеттік органдардың шешімі бойынша, оның ішінде елді мекендердің атауы, көшелердің атауы, сондай-ақ ғимараттар мен өзге де құрылыстардың реттік нөмірі өзгерген кезде, жылжымайтын мүлік-тің сәйкестендіру сипаттамаларына өзгерістерді тіркеудің ақпараттық жүйелерін интеграциялау арқылы автоматты түрде жүзеге асырылатыны көзделген. Мәжіліс депутаты заң жобасының тағы бір негізгі тұстарына тоқтала келе, бизнеске байланысты қолайлы жағдай жасау ескерілгенін атап өтті. Бұл тұрғыда орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерін тіркеуді толығымен электрондық форматқа көшіру өрі құжаттар тізбесін оңтайландыру көзделеді. Нәтижесінде, жеке кәсіпкерлікті тіркеу электрондық өтініш берілген кезден бастап қазіргідей бір күн емес, бір сағаттың ішінде жүзеге асырылатын болады.

САҒАТ АУЫСТЫРУ: ЕУРОПА ЕЛДЕРІ ҚЫЗУ ТАЛҚЫЛАП ЖАТЫР

ӨТКЕН ДЕМАЛЫС КҮНІ ӘЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРІ САҒАТ ТІЛІН ҚЫЗҒЫ АУАҚЫТҚА АУЫСТЫРУ – БІР САҒАТ КЕЙІНГЕ ЖЫЛЖЫТТЫ. БҮГІНДЕ 76 ЕЛДЕ ҚЫСҚЫ ЖӘНЕ ЖАЗҒЫ АУАҚЫТҚА КӨШУ ЖҮРІП ЖАТЫР, КЕЙБІР ЕЛДЕР БҮЛ ӘДІСТІ ӨЗ МЕМЛЕКЕТІНІҢ БАРЛЫҚ АУМАҒЫНДА ҚОЛДАНБАЙДЫ



Уақытты ауыстыруды белсенді қолданатындар – Еуропа құрлығының елдері. Осыған байланысты Еуропа елдерінде қызу пікірталас жүріп жатыр. Мысалы, наурызда Еурокомис-

сия одақтың қатысушы елдеріне осы мәселені шешу үшін екі жыл уақыт берді. Көктемде Еуропарламент осы тәжірибені тоқтату туралы фин елінің бастамасына дауыс берді. Тиісті

шешім 2021 жылы күшіне енуі тиіс. Өр мемлекет өзіне қолайлы нұсқаны таңдайды. Бірақ, белгілі болғанындай, Еуропа мемлекеттерінің басшылары комиссия тарапынан жасалған қысымға қарамастан, толықтай таңдау жасауға асықпай отыр. Атап айтқанда, Германия экономика министрі Петер Альтмайер бір дүниені өзгертпес бұрын, Еурокомиссия ЕО елдеріне жыл сайынғы уақыт ауыстырудан бас тартудың барлық салдарларын нақты бағалауды ұсынуы керек деп есептейді. Еуропалық дерігерлер мұндай тәжірибенің адам денсаулығына қауіпті екенін айтып, дабыл қағуда. Оның салдары көктемде уақыт бір сағат артқа ауысқанда айтарлықтай қауіпті. Олардың пікірінше, ұйқыға қатысты өлемдегі осындай ірі тәжірибе жүрек ұстамасы

мен қайғылы жағдайлар қаупін арттырып отыр. Ал, бұл тәжірибеге 1,6 млрд адам қатысуда. Зерттеу көрсеткендей, ЕО-дағы адамдардың 84%-ы жазғы уақытқа ауысудан құтылғысы келеді. «Көктемде ұйқының бір сағатын жоғалтқан кезде келесі күні-ақ жүрек ұстамасы жағдайлары 24%-ға артады.

Күзде ұйқы қанған кезде жүрек ұстамасы 21%-ға төмендейді. Мұндай тенденция көлік апаттары мен өз-өзіне қол жұмсауда да байқалып отыр», - деп жазды Harvest онлайн-журналы. Ағаш рет сағат тілі 1908 жылы Ұлыбританияда жазда бір сағат алға және қыста бір сағат артқа ауысты. Бұл идеяны Бенджамин Франклин ұсынған деп есептеледі. АҚШ-та уақытты ауыстыру 1918 жылы ғана қолданылды.

2020 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП АӘК ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ



Министрліктің баспасөз қызметінің мәліметінше, атаулы әлеуметтік көмек бұрынғыдай, табысы аз отбасыларға төленеді. Алайда, АӘК тағайындаудың жаңа тетіктері өр отбасына жеке тәсілді ұсынады. Негізгі принцип - мемлекет шынымен көмекке мұқтаж адамдарға көмектеседі. «Атаулы әлеуметтік көмек – бұл жәрдемақы емес, табысы аз отбасылардың қаржылық жағдайын жақсартуға және дағдырысты өңсеру үшін олардың ресурстарын ынталандыруға бағытталған қын жағдайға тап болған азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету», делінген хабарламада. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекет басшысының 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасына сәйкес АӘК ұсынудың жаңа тетіктерін әзірледі, олар мыналарды көздейді: - АӘК көрсетуге арналған қолданыстағы шекті өлшемді сақтау, яғни, жан басына шаққандағы орташа табысы өңірлік күнкөріс деңгейінің 70% - дан аз отбасылар атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгіне алады; - АӘК отбасының барлық мүшелері үшін жан басына шаққандағы табыстар мен кедейлік шегі арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Осылайша, табысы аз отбасылардың балаларына төленетін бекітілген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% мөлшеріндегі төлемдерден алшақтау жоспарланып отыр; - АӘК алушы отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелері жұмыс істеуге тиіс. Олардың жұмысқа орналасуы үшін Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарлама-

сының барлық тетіктері қолданылады. Егер отбасының еңбекке жарамды мүшесі ұсынылған жұмыстан және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартса, онда АӘК төлеу тек оған ғана емес, бүкіл отбасына тоқтатылады; - АӘК-тің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін азаматтардың тоқсан сайының өтініштерін қайтадан енгізу ұсынылады. Бұл қосымша құжаттарды жинауды талап етпейді. АӘК тағайындау үшін мемлекеттік органдардың деректер қорында толық мәліметтер болған жағдайда тек жеке куәлігің көрсету қажет; - отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізу мерзімін 3 күннен 7 күнге дейін ұлғайту. Қазіргі уақытта министрлік мұқтаждықты анықтау критерийлерін әзірлеуде. Отбасы белгіленген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда учаскелік комиссия АӘК көрсетуге мұқтаждықтың жоқтығы туралы қорытынды шығарады, бұл уәкілетті орган тарапынан оны тағайындаудан бас тарту үшін негіз болады. Қолданыстағы заңнамаға тиісті түзетулер ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауына жіберілді. Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысының атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдерімен қатар, АӘК төлеу тетіктерін түзету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда барлық көпбалалы отбасылар үшін олардың табысына қарамастан мемлекеттік жәрдемақы мен табысы аз отбасылардан шыққан балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет енгізілетін болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ !!!

Уилский районный акимат 13 ноября 2019 года в 15:00 по адресу: с. Уил, ул. Курмангазина 43, зал заседания акимата Уилского района проводит аукцион (английский метод) частной собственности земельных участков для обслуживание зданий (строений и сооружений).

ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ							
№ Лота	Целевое назначение земельного участка	Месторасположение земельного участка	Площадь земельного участка	Вид отчуждаемого права	Начальная цена (тенге)	Сумма гарантийного взноса (тенге)	Земельный налог (тенге)
1	Размещение и обслуживание помещений (строений и сооружений)	Уилский район, Саралжинский с/о, с.Кемер, соответстви с ген. планом вблизи автодороги Уил-С а р а л ж и н, участок №5	3800 кв.м.	Частная собственность	228 000	126 250	1 824
2	Размещение и обслуживание помещений (строений и сооружений)	Уилский район, Уилский с/о,с. Уил, в соответствии с ген. планом, участок №29	2400 кв.м.	Частная собственность	714 000	126 250	1 152

Дата и время проведения аукциона: 13 ноября 2019 года, 15:00 часов.

Место проведения аукциона: Уилский район, с.Уил, ул.Курмангазина, дом 43, (здания районного акимата),3 этаж, малый зал заседания.

Условия проведения аукциона: аукцион проводит аукционист. Аукцион по каждому объекту торгов начинается с объявления аукционистом его наименования, краткой характеристики, метода проведения аукциона, начальной цены и шага изменения цены. Аукцион проводится по английскому методу (на повышение начальной цены). Аукционист объявляет об изменении шага в процессе торгов. При этом, шаг изменяется в пределах от пяти до десяти процентов текущей цены объекта. Аукционист объявляет начальную цену объекта и шаг увеличения цены. Поднятием номера участника торга повышают стартовую цену, но не менее чем на объявленный шаг. Аукционист объявляет аукционные номера участвующих в аукционе по объекту, закрепляет цену и предлагает ее повысить. Аукционист объявляет участника, предложившего наиболее высокую цену за объект. Аукционист трижды повторяет последнюю цену объекта и, при отсутствии других поднятых номеров, с ударом молотка объявляет о продаже данного объекта. После определения победителя торгов, продавец на случай невыполнения процедур проведения торгов, а также соответствующих обязанностей по заключению и исполнению условий договора купли-продажи, предлагает право на покупку объекта аукционисту, назвавшему на торгах вторую по величине цену за данный объект (второй покупатель);

Условия продажи частной собственности земельных участков и перечень обременений (ограничений): покупатель обязан: подписать протокол о результатах аукциона в день его проведения, заключить договор купли-продажи права аренды земельного участка с ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» в течение одного рабочего дня со дня принятия соответствующего решения акимата района и исполнить обязательства по нему, заключить договор об условиях освоения, использовать земельный участок в соответствии с целевым назначением, при необходимости предоставить заинтересованным лицам право ограниченного пользования земельным участком (сервитут), своевременная оплата арендной платы.

Аукционная стоимость участка, зафиксированная на торгах, оплачивается в виде авансового платежа в размере 50% в срок не позднее 5 банковских дней после подписания договора купли-продажи, а оставшаяся сумма должна быть внесена не позднее 30 календарных дней со дня подписания договора купли-продажи.

Примечание: Гарантийный взнос по каждому объекту торгов вносится отдельно.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо представить:

Для физических лиц: 1) заявка на участие в аукционе; 2) платежный документ, подтверждающий внесение гарантийного взноса; 3) документ, удостоверяющий полномочия представителя;

Для юридических лиц: 1) заявка на участие в аукционе; 2) платежный документ, подтверждающий внесение гарантийного взноса; 3) не резиденты представляют легализованную выписку из торгового реестра или другой легализованный документ, удостоверяющий, что иностранное юридическое лицо является юридическим лицом по законодательству иностранного государства, с нотариально засвидетельствованным переводом на государственный и русский языки; 4) документ, удостоверяющий полномочия представителя.

Для подтверждения достоверности копий представляются оригиналы для сверки.

Регистрация участников конкурса производится со дня публикации информационного сообщения и заканчивается за 24 (двадцать четыре) часа до начала аукциона. Заявки на участие в конкурсе принимаются по адресу: Уилский район, с.Уил, ул. Кокжар, 69, 3 этаж 309 и 311 кабинеты, телефон для справок: 8 (71332) 2-18-80.

ЕЛ ТІРЕГІ - 2019

Ойыл ауданының жас сарбаздары ҚР Күштерінің Құрлық әскерлері «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдерінің қатарына аттанды. Күзгі әскери науқанда Ойыл ауданының 40-тан астам азаматы әскери қызметке аттанады.

Әскери қызметке аттанған азаматтардың 15-і Қарулы Күштердің әскери бөлімдері қатарында қызмет ететін болады. Бұл күндері «Ел тірегі – 2019» республикалық акциясы еліміздің барлық өңірлерінде қызу жүріп жатыр. Қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің әскери бөлімдерін жас сарбаздармен толықтыруды аяқтадық.

Аудандық әскерге шақыру дәрігерлік комиссиясының төрайымы Н.Аралованың айтуынша, «Дәрігерлік сараптама барысында Қарулы Күштерде қызмет ету үшін адамдар денсаулық жағдайына сөйкес келуіне қойылатын бекітілген талаптарды қолдана отырып шақырылатын жастарды әскерлердің тектері мен түрлеріне алдын-ала бөлудеміз. Бір қуантатыны, жастардың денсаулықтарының жалпы жағдайы жылдан жылға жақсарып келеді».

Қазіргі таңда әскер қатарына баруға ынтасы зор азаматтар көбейіп келеді. Былтырғы жылы ауданымыздан Мемлекеттік Күзет қызметіне 2 жігіт кеткен еді. Шекара Қызметіне 9 жігіт, Қарулы күштеріне 15 жігіт,

Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі

Ұлттық Ұлан қатарына 12 жігіт аттанып, Отан алдындағы өз борышын өтеуде.

Мәселен, 2019 жылғы көктемгі әскерге шақыру науқанында әскерге аттанған 15 азаматтың 50 % жұмыссыз жастар. Нормативтік құқықтық актілер бойынша мамандығы жоқ жастар әскери мамандықтар алу үшін оқу-жаттығу бөлімдеріне жіберіледі. Бұл оларға болашақта әскери қызметті келісім-шарт бойынша жалғастыруға мүмкіндік береді. Олардың көпшілігі мерзімді әскери қызметте қалып жатыр.

Сонымен қатар, Қорғаныс Министрінің бірінші орынбасары ҚР Қарулы Күштері Бастабы бастығының нұсқауымен ҚР ҚМ «Әскери техникалық мектеп» РМҚК – ның Ақтөбе қаласындағы филиалында әскери оқытылған резервті дайындық ақылы негізде азаматтарды даярлау жоспарлануда. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 12 бабына сөйкес әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, оның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған 24-ден 27 жасқа дейінгі контингентінен, сондай-ақ келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеруі үшін іріктеу жүргізілуде. Ақылы оқудың құны (бағасы) 263 мың теңге. Оқу мерзімі 40 күн, Ақтөбе қаласы Смағұлов көшесі № 3 үй мекен-жайында жүргізіледі.

СЕЛОНЫҢ СЕГІЗ КӨШЕСІ ҚАТҚЫЛДАНДЫ



Біраз уақытан бері күн жылысуақтанып тұрғанымен күз кейінінен жаңылмады. Олай дейтін себебіміз, көктен түскен шұғылалы шуақтан соң өкпек жел ызғарлы демін үрлеуден де тыйылар емес. Қалың тұман түсіп, жер бетін дымқыл тартып тұр. Жаңбыр жауса бауырмал балшық адамды да, көлікті де өбігерге салатыны айтпаса да түсінікті көрініс. Оған қоса көктем мезгілі тура осындай. Міне осы бағытта ішкі жолдарды қатқылдандыру мақсатында Ойыл ауылдық округі арқылы 2 шақырымнан астам қашықтықта А.Екібаев, Ш.Еркінов, С.Дауленов, Н.Байғанин, Амангелді, Н.Онопренко, Қ.Ержанов, Желтоқсан көшелеріне қатқыл тас төселді. Қатқыл тастың тасымалы мен сатып алу құнынан бөлек оның төселуі ауданның атымтай азаматтарының демеушілігі арқылы жүзеге асты. Ойыл ауылдық округінің әкімі Сөндібек Токсанбайұлының сөзіне сүйенсек, селоның ішкі жолдарын қатқылдандыру жұмыстары келесі жылы да жалғасын таппақ. Тұрғындардың күз бен көктемде балшықтан титықтап жол таба алмай қалмасы үшін жасалған жұмыстар өзiрге осындай.

М.ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округтен арақашықтығы км,жер учаскесінің лот №)	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі оның ішінде	Жалға беру мерзімі,жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайы-лымдық	Шабын-дық	Басқа жерлер		
1	Лот 1 , учаске №1, Ойыл а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1800,0	-	1797,2	-	2,8	11	қамтылмаған
2	Лот 2 , учаске №, Ойыл а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1780,0	-	1778,6	-	1,4	11	қамтылмаған
3	Лот 3 , учаске №1, Ойыл а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	6,0	-	6,0	-	-	11	қамтылмаған
4	Лот 4 , учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	2100,0	-	2097,0	-	3,0	11	қамтылмаған
5	Лот 5 , учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1300,0	-	1292,4	-	7,6	11	қамтылған
6	Лот 6 , учаске №1, Қайыңды а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	410,0	-	408,8	-	1,2	11	қамтылмаған
7	Лот 7 , учаске №, Сарбие а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1059,0	-	1056,2	-	2,8	11	қамтылмаған

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылықишілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сөйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1 , участок №1, Уилский сельский округ	Для ведения к/х	10-49 лет	1800,0	-	1797,2	-	2,8	11	не оснащен
2	Лот 2 , участок №1, Уилский сельский округ	Для ведения к/х	10-49 лет	1780,0	-	1778,6	-	1,4	11	не оснащен
3	Лот 3 , участок №1, Уилский сельский округ	Для ведения к/х	10-49 лет	6,0	-	6,0	-	-	11	не оснащен
4	Лот 4 , учаске №1, с/о имени Ш.Берсиева	Для ведения к/х	10-49 лет	2100,0	-	2097,0	-	3,0	11	не оснащен
5	Лот 5 , учаске №1, с/о имени Ш.Берсиева	Для ведения к/х	10-49 лет	1300,0	-	1292,4	-	7,6	11	оснащен
6	Лот 6 , учаске №1, Кайындинский сельский округ	Для ведения к/х	10-49 лет	410,0	-	408,8	-	1,2	11	не оснащен
7	Лот 7 , учаске №1 Сарбиеский с/о	Для ведения к/х	10-49 лет	1059,0	-	1056,2	-	2,8	11	не оснащен

ПРИМЕЧАНИЕ !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе;

2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) разработка и освоение внутреннего земельного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;

3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованым, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. Схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Ойыл	Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.
Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1620 дана. Тапсырыс №1379 Келемі 1 баспа табақ, индекс 65525	«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.	

ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН АЙМАҚТЫҚ ТУРНИР

Өткен аптаның соңында Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің спорт алаңында Ақтөбе қаласының 150 жылдығына орай спорт ардагері Рахым Қарабалиевтің атындағы V дәстүрлі ересектер арасында футболдан аймақтық турнир өткізілді. Айтулы турнирге аудан командаларынан бөлек көршілес Қобда ауданының спортшылары арнайы келіп қатынасты. Ашық алаңда өткен тартысты додада «Көкжар» командасы жеңімпаз атанды. Ал, екінші орынды ойылдық «Сөт» командасы еншілесө, үшінші орын «Қобда» командасына бұйырды. Аймақтық турнирге қатынасқан барлық спортшыларымыз Рахым Қожасұлының демеушілігімен қаржылай марапатталды.

«ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ» - БАЛАБАҚШАДА

Электронды қызмет алу дегеніміздің өзі – бұл мемлекеттік қызмет көрсетулерді автоматтандыру және оңтайландыру, қоғамды мемлекеттік басқару мәселелеріне тартуды арттыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін пайдалану.

Қазіргі таңда «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ы аудан тұрғындарына электронды қызмет көрсетуді жүзеге асырып келеді. Нақты айтқанда, балаларды бала-бақша кезегіне қою және бос орынға баланы тіркеу қызметтері электронды құжат арқылы атқарылуда.

Бұл жұмыстардың бөріне алдымен электронды қолтаңба алу қажет. Электронды қызмет көрсетудегі біздің негізгі мақсатымыз: мемлекеттік қызметтің ішкі тиімділігін арттыру. Көрсетілетін қызметтеріміз алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжатын сұрату арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметтерге электронды түрде қол жеткізудің айтарлықтай артықшылықтары бар. Ең басты ерекшеліктерінің бірі – уақыттың үнемделуі.

А.Мырзағалиева,

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ы меңгерушісі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзектң сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір біріне үқсамайтын өлемдеп барлық елдердің қай-қайсысын дп қатты алаңдатыны айқын. Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да бар қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқарамсы

АДАМДАР ЖАППАЙ ЖИНАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Адамдар жаппай жиналатын объект – бір мезгілде жүз және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, ғибадат ғимараттарының, көңіл көтеру орындарының, көліктің барлық түрлері вокзалдарының ғимараттары, құрылыстары және үй-жайлары, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараттары мен құрылыстары жатады. Көп жағдайларда мұндай объектілерде өрт шыққан кезде өрекет ету ережелері туралы адамдардың түсінігі болмайды. Қазіргі заманы адамдар көп жиналатын барлық объектілердің өрт жүктемесі аса жоғары және өрт шыққан жағдайда от және жану өнімдері барлық бөлмелерге тез таралып, оларды өте жылдам толтыра отырып, өмірлік маңызды оттегін ығыстырады. Улы газдың кішкене ғана концентрациясымен демалған жағдайда адам өліп кетуі мүмкін екенін есте сақтау қажет. Өйткені, статистика бойынша, көптеген өрттерде адамдар жоғары температура өсерінен емес, түтімнен тұншығудан өледі. Түтімнен тұншығу – жану өнімдерінің адамның тыныс алу жүйесіне ену процесі, бұл бөлмедегі өрте адам өлімінің негізгі себебі болып табылады. Ыстық түтін тыныс алу жүйесіне еніп, тыныс алу мүшелерінің күйіне әкеледі.

Адамдар жаппай жиналатын объектіде өрт шыққан жағдайда жасалатын іс-әрекеттер жиынтығы:
Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Нұрғалиева Гүлнарға аяулы қызы	Әйгерімнің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады
---	--

«Балдырған» бөбекжай бақшасының ұжымы «Балдырған» бөбекжай бақшасының меңгерушісі Сейталиня Мейрамғүле қайын апасы	Манаштың қайтыс болуына байланысты көңіл айтамыз.
---	--

Газет аптасына бір рет шығады.

Таралымы 1620 дана. Тапсырыс №1379

Келемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Ауқан біріншісі

СПОРТ АРДАГЕРІН ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛДЫ

ЖУЫРДА ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ СПОРТ АРДАГЕРІ ПЕТР ПОНОМАРЕВТІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ЕРЛЕР АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН АУДАН БІРІНШІЛІП БАСТАЛДЫ.



Айтулы спорттық шараға марқұмның көршілес Ресей Федерациясының астанасы Москвада тұратын жақындары арнайы келді. Петр Евстафьевичті еске алуға арналған спорттық доданың ашылу салтанатында бір кездері аудан спортының дамуына яғни волейбол ойынын жоғары дәрежеде көтеріп, Республикалық деңгейде үздік ойыншы атанған марқұмның көз көрген дос-жарандары мен спорттағы серіктері ол жөнінде көптеген естелік әңгімелерімен бөлісті.

Тарқатып айтсақ, спорт ардагері Рақым Қожасұлы волейбол спор-

тының біздің аудандағы алғашқы даму кезеңіне тоқтала отырып, жергілікті билік өкілдеріне Петр Пономаревті еске алуға арналған турнир мұнымен ғана шектелмей жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілсе деген ұсыныс білдірсе, марқұмның жұбайы Наталья Петровна мен баласы Виктор Пономарев айтулы турнирді ұйымдастырушыларға шексіз алғысын айтты. Айта кетсек, спорт ардагері Петр Пономаревті еске алуға арналған ерлер арасында волейболдан аудан біріншілігі өз мересіне жетіп үлгермеді. Өйтсе де ойын тартысты өтуде.

ЖҮЛДЕСІ ҚОМАҚТЫ ЖАРЫС ӘКЕГЕ ҚҰРМЕТТІҢ КҮӘСІ



25 қазан күні Ойыл аудандық Ойыл балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 2007-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы, ауданымыздың тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Беғалы Еркіновты еске алуға арналған дзюдо күресінен жасөспірімдер арасындағы ашық турнир өткізілді. Жарыстың мақсаты - аудан көлемінде дзюдо күресін дамыту, жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спорттық шеберлігін шыңдау.

Салтанатты шараның ашылуына Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев және бүгінгі жарыстың өтуіне себепкер болған жеке кәсіпкер Беғалы ақсақалдың ұлы Қайрат қатысты. Аудан әкімі жарыстың ашылу салтанатында палуандарға сәттілік тілеп, осындай үлкен шараға ұйытқы болған азаматтарға алғысын айтты. Алғаш рет ұйымдастырылғанымен, жарысқа көршілес аудандардан жас балуандар келді.

Ойыл ауданының намысын арқа-лап жүрген спортшыларымыз бұл жолыда тай салмай, белдерін бекем

буып, жауырындарын жерге тигізбей 1 орынды өз қанжығаларына байлады. Атап айтсақ Абылайхан Мерекеұлы 30 кг, Бейбіт Қажмұқанқызы 30 кг, Бекзат Шерниязов 36 кг, Асланбек Жеңісұлы 38 кг, Ержан Аманғосов 30 кг салмақ дәрежесінде жеңіске жетті. Ойылдықтардың жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жеңіске жетулеріне бірден-бір себепкер болған жаттықтырушылары Азат Шерниязовтың еңбегін ерекше айта кеткен жөн. Алғашқы жарыстың жүлде қоры да қомақты болды. Яғни, әр салмақта бас жүлде алған палуан 100 000 теңгеге ие болса, екінші орынға 60 000 теңге, 3 орынға 40 000 теңге ақшалай сыйлықтар берілді. Жарыстың соңында жеке кәсіпкер Еркінов Қайрат жарысқа қатысқан палуандарға алғысын білдіріп, рақметін жеткізді. Ары қарай жеңімпаздарымызды марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының «Самбо», «Дзюдо», «Қазақ күресінен» спорт шебері Мұхамбетов Бекзатқа табыс етілді. Жарыстан соң, балалары өке аруағына арнап ас берді.

Ойыл

Құттықтау

Тайсойған ауылының тұрғыны
Ардақты әкеміз
Нижанов Асылбек Жұмаұлын
37 мүшел жасымен құттықтаймыз!

Жарқырап осы күнмен айдың бағы,
Тағы да қуанышта ой туғаны.
Әкеміз 37-ге толып отыр,
Шаттықтың сезіледі той-думаны.
Ұстаз боп білім бердің көпке сізде,
Мені бар деп қарайық өткен ізге.
Туған күнің құтты болсын қажымаңыз,
Мол бақыт тілейміз біз Әке сізге.
Құттықтаушылары: жолдасы Мейрамгүл,
балалары Таңшолпан, Қарақат, Қазиза,
Райана, Жеңісхан.

КҮЗГІ ЖӘРМЕҢКЕ ҚЫЗЫП ТҮР!

ӨТКЕН СЕНБІДЕ АУДАНЫМЫЗДАҒЫ КҮЗДІҢ КҮМІС ШУАҚТЫ КҮНДЕРІНІҢ ТАҒЫ БІР СЕНБІСІ ӨДЕТТЕГІДЕЙ АУЫЛ ШАУРАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІМЕН БАСТАЛДЫ. БҮЛ ОЙЫЛДЫҚТАР ҮШІН ҮЙРЕНШІКТІ КӨРІНІС ДЕСЕК ТЕ, КҮЗГІ ЖӘРМЕҢКЕ ҚЫЗЫП ТҮРҒАН ШАҚ ТА ОСЫ КЕЗ. ӘР АПАТҢЫҢ СОҢЫНА АУДАН ОРТАЛЫҒЫНА АҒЫЛЫП КЕЛЕТІН АУЫЛДЫҚ ОҚРУГЕРДІҢ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ БҮЛ ЖОЛЫ ДА ЖӘРМЕҢКЕ АЛАҒЫНАН ТАБЫЛДЫ.



Айта кетсек, күзгі жәрмеңкенің (бренді) үлкен сұранысқа ие өнімі ет өнімдері болды. Жәрмеңкенің бірден бір жеңілдігі қой, сиыр, жылқының еттері нарық бағасынан төменірек бағамен шығарылды. Әр округтен

бұл жолы мал азығы да молынан әкелініп, тұрғындардың шертіп тұрып таңдап алуларына үлкен мүмкіндік болды. Өйтсе де мал азығына көп алаңдамаған жұртшылық қыстың қамын жаз ойлап, ерте қамданған-



арнайы келген шаруашылықтар жәрмеңке сөрелеріне шығарған ет өнімдерін түске дейін толықтай өткізіп жіберді. Жәрмеңке алаңына қарай ағылған жұртшылық үйлеріне құр қол қайтпады. Айта кетсек, жәрмеңкеге

дығы, яғни бұл көрініс тұрғындардың қысқа өбден дайын екендігін байқатады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

КӨГАЛДАНДЫРУ - КӨПТІҢ ІСІ

«Бұтақ жайған ағаш қартаймайды, ұрпақ жайған адам қартаймайды» - дейді. Адам мен табиғат арасындағы байланыс тіршіліктің тамырына қан жүгіртеді. Жер ана бусанған қазіргі сәтте бұл көрініс қыза түседі. Бүгінде қоғам тарапынан қоршаған ортаға деген қамқорлық аясы кеңейе түсуде. Соңғы кездері тал егу дәстүрі еліміздегі түкпір-түкпірінде қолға алынып, тиынақты мән берілуде. Мұның өзі қоғамға пайдасы зор игі бастама.

Өткен аптада ауданымызда сенбілік жұмыстары жүргізіліп, тазалық шараларына үлкен мән берілуде. Осы орайда Ойыл селолық әкімшілігі бірлескен топ ұжымы тал егу акциясын ұйымдастырған болатын. Жалпы бұл акцияның мақсаты - ауданды абаттандыру, жасыл желекке айналдыру, жастарды табиғатты аялауға

баулып, патриоттық рухта тәрбиелеу, туған жерді қастерлеуді үйрету. «Тал егу» акциясы алдымен орталық саябақтан басталды. Ауданды көгалдандыру мақсатындағы игі бастамаға барлық мекеме басшылары белсене атсалысты. Айта кету керек, жыл сайын округте бірнеше гектар аумаққа жас ағаш көшеттерін отырғызу дәстүрге айналған. Атап айтсақ, ауданның кіре берісіндегі көпір жағалауына 150 түп терек, Табиғи паркке 150 түп қара ағаш, және де Қарайой бағытындағы жол жиегіне 200 түп қара ағаш отырғызылып, толықтай суарылды.

Бүгінгі егілген тал, шыбықтар ертеңгі күні ауданымыздың келбетіне сән беріп, көркейтіп тұратын саяла ағашқа айналып кетуі ел болып жасаған жұмысымыздың жемісі болмақ.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ

10,4 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2019 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша, қазақстандықтардың зейнетақы жинағының жалпы сомасы 10,4 трлн теңгеге жетті. Оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша жинақтар сомасы – 10,2 трлн теңге, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) жалпы сомасы – 233,6 млрд теңге және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) – 1,9 млрд теңге. «Жыл басынан бері зейнетақы жинақтары 1,04 трлн теңгеге немесе 11 пайызға өсті. Бұл ретте, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша түсімдер – 714,3 млрд теңге, таза инвестициялық табыс көлемі – 481,9 млрд теңге және зейнетақы төлемдері 154,2 млрд теңге болды», - делінген зейнетақы қорының ресми сайтында. Аталған кезеңде БЖЗҚ-да 308,5 мың жеке зейнетақы шоты, оның 273,6 мың шоты МЗЖ есебінен ашылған. Ал бұл шоттардың 64

пайызы 30 жасқа дейінгі салымшыларға тиесілі. Қарастырылып отырған кезеңде ай сайынғы міндетті зейнетақы жарналарының орташа сомасы – 17 149 теңгеге жетті. 2019 жылдың тоғыз айы ішінде белсенді салымшылардың саны 6,1 млн адам, олардың ішінде 6 және одан да көп жарна жасағандар 4,6 млн адам болды.

«2019 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында салымшылар мен алушылардың шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 481,9 млрд теңгеден асты. Бұл ретте, зейнетақы жинақтарының табыстылығы соңғы 12 ай ішінде 8,4 пайызды құрады. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 5,3 пайызды көрсетті. Осылайша, зейнетақы активтерінің табыстылығы инфляциядан жоғары болып, нақты табыстылық оң сипатқа ие болып отыр», - делінген хабарламада.

Ервон Бейпхан *Көңілсіздеу қол бұлғаймын құстарға*

МУЗАҒА СЫР
Күрсінейін...
жирен күзге барайық, жүрші
деймін!
Ай нұрына шағылған дидарыңнан,
Қайың-тағдыр жүректен
бір сүйейін!
Қайың – жүрек...
Көңіл сынық, жүр ме екен
Айым жүдеп!
Өкпе артып тірлікке не қыласың,
Жорға өмірде жүрістен
жаңылды көп?!

Бойыңда бір мін жоқ етіп,
Жаратты шебер қол – Аллаһ!
Кербезім, нұр алау, керім,
Сағынып, құс болып ұшам.
Сен мені сүйе апар ма едің,
Мен жұртқа ұқсаған болсам?
*
Өлеңім қайда кетті, қайдан келді?
Жүрегім бір ғажайып арманға
ерді.
Ұшып жүр мені айналып
көбелектер,
Қия алмай жасаурап тұр

Бақыт екен-ау, біреуді
сүю қылаусыз.
Қаптаған сәтте: ел, жерін сатқан
кіл арсыз,
Үміт сыйлайды бір жаңға
сену күмәнсіз!
Дүние мынау, айналдырғанда
ұршығын,
Алдасам мені, секемшіл,
сезім түйсігім.
Ми деген екшеп керексіз және
керегін,
Жүрекке ұйып, жүректен
жүріп келемін.

тайғақ-ты,
Шақшалы шалдар, әжелер қайда
оймақты?
Қайындап қайтпай, төркіндеп
келмей қалған оқ,
Мекендеп жатыр жер бесік деген
аймақты.
Өткенге көз сап, ойланып жүрме
бүгінгі ұл,
Қызыл-жасылды екі
айналмайтын ғұмыр бұл.
Аулақта қалып, сағым ораған
көк торғын,

Сағындырасың, есіме түсіп
құлын - жыл!
Сәйгүлік - жылдар, шаң
жұқтырмаған шашаға,
Арқан тастамай, құрық сілтемей
қашады ө?..
Сері жігіт деп, қыз сүйген бетті,
күз сүйді.

Арда көңілім, арыныңды бас,
боса ма!?
Таралғым - алтын, болғанмен



Жорға өмір...
Жабы көрдім жол бермес
жолда небір!
Сен ақсұңқар құс едің қақ
қанатты,
Тоты құсқа жарасар
тордағы өмір.


Сен бе едің, асыл қалқа
өлең деген,
Талдырып жанарыңды елеңдеген.
Шөпіркеп бір көңілден су ішпесе,
Тоттанып қалады бұл өнер деген.

Кейіпкерім...
Көктем іздеп, күзім де еліткенім!
Өлең болған жылдарға
өкінбеймін,
Есімді ал, есер ет, еліт мейлің!..
*
Неге, неге күз мезгілі осындай,
Қалды солай сағынышым
қосылмай.
Жамалыңды көрсетпеді
жарық күн,
Дидарыңды менен кеше
жасырды Ай?

Өлеңім қонды қайта, үркітпейін,
Қауызын жаңа жарған
бұршіктеймін.
Аққудың ақ төсінен тоят алып,
Қалықтап шыңға қонған
бүркіттеймін.

Қайтадан қомдайын
бір қанатымды,
Қуанып сені көріп бала сынды.
Күз келсе сағынышқа
шомыламын,
Қалқатай, тауса берме
тағатымды...

... Өлеңім қайда кетті,
қайдан келді?
Жүрегім бір ғажайып
арманға ерді.



*
Енді қайта қосылар ма жолымыз,
біле алмаймыз оны біз!..
Бұл жүректің кісінері анық қой,
Сені аңсап... торы құз.

Біздің жүрек сағыныштың мекені,
Баста қиял жетеді...
Бақыт деген: бұлдырық
күс секілді,
Жақындасан ұшады да, кетеді.

Ал, бақытты бола ма екен
сатуға,
бола ма екен атуға?..
...Өлеңдерін: андай, мұндай,
сондай деп -



Ұшып жүр мені айналып
көбелектер,
Қия алмай жасаурап тұр,
айнам мені.

*
Қызық па тірлік армансыз,
ойсыз, қиялсыз,

ренжуге бола ма екен, ақынға?..
Күн батады, ай туады қияқты,
Өмір заңы тұрақты.
Бүгін тағы астаң-кестең көңілім,
Мені ешкім түсінбейтін сияқты!..
*
Ғапыл - дүние! Қалт ете түссен

Жан едің, жамалың бөлек,
Шуағын төкті... қаладым.
Жаралған ақылдан ерек,
Ешкімге ұқсата алмадым.

Жүректің көзі... жарық етіп,
Сыр-сандық ашылды қоймам.